



РАНОРАМА: ДҮНИЕЖҮЗІ ТАРИХЫ II

Атлантикадағы жаңа әлем





Дәрістің мақсаты: ерте жаңа заман кезеңіндегі Атлантикалық әлемнің дамуын зерттеу: оның пайда болуы мен ашылуы, аумақтағы мемлекеттердің дамуы мен ішкі қақтығыстарын ашып көрсету.

Кілт сөздер: Атлантика, Ацтек империясы, каравеллалар, карракилер, Колумбтың сапарлары, конкисдаторлар, Конго корольдігі, Малакка, «Жаңа әлем», Португалияның сауда империясы, сұлтанат, энкомьенда.

Дәрісімізді «Атлантикадағы жаңа әлем» деп атасақ та болады. Ол 3 негізгі тақырыптан тұрады:

Атлантикалық әлемнің пайда болуы: теңіз технологиясының өзгеруі, еуропалықтар мен батыс африкандықтардың алғашқы қақтығыстары, Колумбтың атлантикалық саяхаты.

Америкалық катастрофалар: америкалық апат және «Колумбтық алмасу», Ацтек империясының құлдырауы, Инктер империясына шабуыл жасау, Испания империясының қалыптасуы, Португалияның Бразилиядағы жоспарлары қамтылады.

Оңтүстік теңіздегі күштердің ара салмағының өзгеруі: дәмдеуіштер саудасын жаулап алу, транстынықмұхиттық байланыстар, Португалияның мысты игеруі кезеңі қарастырылады.

Атлантикалық әлемнің пайда болуы

XV ғасырдың ортасында еуропалықтар Азиямен өзара сауда қарым-қатынас барысында бірқатар мәселелер бетпе-бет келді. Біріншісі – Үнді мұхитындағы сауда операцияларының басым бөлігін өз қолында шоғырландырған араб, малайлық және гуджараттық саудагерлердің мықты бәсекелеске айналуы. Екіншісі – моңғол мемлекеттерінің құлдырауы мен исламдық монархиялардың, әсіресе, Осман империясының күшеюіне байланысты саяси тұрақсыздықтың орын алуы. Бұл факторлар еуропалықтарды Таяу Шығысты айналып өтетін жаңа жолдарды іздеуге итермеледі. Ханзада Генрихтың қаржыландыруымен португалдық теңізшілер жаңа жолдарды іздеуге шықты. Ол Генрих Навигатор деген атпен белгілі болып, өзін Христиан дінінің әскери рыцары ретінде көрді. Сондықтан да Генрих ақшасының аз болуына қарамастан, теңіз экспедицияларын барынша қаржылай қолдауға тырысты. Ол өзінің басты қызметі ретінде Португалия үшін Канар аралдарын жаулап алу жоспарын іске асыруға тырысты. Генрих тұсында Еуропаның кейінгі отаршылдық процесіне тән құбылыс – дін мен сауданың бір одаққа бірігуі етек алды.

Итальяндық саудагерлер де XIII ғасырдан-ақ Африка мен азиялық нарыққа шығуға байланысты өз ұмтылыстарын байқатты. Ұзақ уақыт бойы олардың жаңа аймақтарды ашуға деген жоспарларының жүзеге асуына техникалық тұрғыдан жеткіліксіз қамтамасыз етілуі және теңіз ағыстары мен желдің қозғалысы туралы қажетті білімнің болмауы кедергі болып келді.

XIV–XV ғасырда еуропалықтар кеме жасау ісін және теңізде еркін жүзу үшін қажетті білімдерін жетілдірген соң ғана барып, Атлант әлемі пайда болды.

XV ғасырда Португалия, Испания, Италия, Солтүстік Африка, Франция, Англия, Германия мен Польшадан ибериялық порттарға кеме жасаушылар, картографтар мен астрондар ағылды. Каталонияның ибериялық аймағы мен Майорка атты Жерорта теңізіндегі арал, Арагон корольдігінің екі бөлігі де 1344 жылдан кейін карталар, навигациялық карталар мен навигациялық құралдар жасаудың шығармашылық орталығына айналды. Осы салада әсіресе еврей ғалымдары мен қолөнершілері маманданды.

Кеме жасау ісі. Атлант мұхитына жол ашу үшін Еуропалық кеме жасау дәстүрі елеулі өзгерістерді талап етті. XIV ғасырда мұхиттық саяхаттарға ең төзімді кемелер қытайлық джонкалар болды. Когги деп аталған еуропалық бір мачталық кемелер тұрақтылығы мен көлемі жағынан джонкалардан әлдеқайда әлсіз еді. XIV ғасырдан бастап Батыс Еуропаның кеме жасау ісінде үлкен өзгерістер болды. Ұсталар осыған дейінгі кеме жасау әдісін өзгертті. Олар XV ғасырда алдымен кемеңіз қатты «сүйегін» жасап алып, оған сыртқы ағаштарын бекітті. Бұл әдіс кеме жасауға кететін уақыт пен жұмысты қысқартты және Атлант теңізіне шығатын мықты корпусардың жасалуына мүмкіндік берді.



Осы уақытта Таяу шығыс пен үнділіктердің әсерімен жаңа типтегі кемелер – орташа 3 палубалық каравеллалар мен Карракттер, Галеондар пайда болды. Олардың дизайнындағы революцияшылдық – жаңа типті желкендер мен зеңбіректердің пайдаланылуы. Желкендер теңізшілерге жел энергиясын қолдануға, ал зеңбіректердің – жолдағы қарақшыларға қарсы тұруға көмегі тиді. Сонымен қатар, кемелердің көлемі де үлкейе бастап, олар көп желкендіге айналды. Бұл өз кезегінде кемеде адамдар, зеңбіректер мен қымбат бағалы жүктер үшін артық орынның көбеюіне мүмкіндік берді.

Каравелла – XV–XVI ғасырда Иберия теңізшілері Атлантикада жүзген жеңіл, маневрге өте икемді желкенді кеме түрі.

Каракка – каравелладан үлкен теңіз кемесі, XV–XVI ғасырда Иберия саудагерлері Атлант және Үнді мұхитында кеңінен қолданды.

Таяу Шығыстағы саяхатшылардың ықпалымен еуропалықтар өз навигациялық құралдарын жетілдіруге де мән бере бастайды. Қытайдан әкелінген компас бұрынғыдай жұлдыздарға қарамай-ақ, кемеңің әрі қарай қозғалу бағытын анықтауға зор мүмкіндіктер туғызды. Астролябийлер мен квадранттар кеңдікті анықтады; сағат механизмдері арқылы теңізшілер жол ұзақтығын да белгілей алды.

Атлант мұхитына жол ашқан еуропалық кеме жасаудағы жаңашылдықтармен қатар, олардың теңіз ағыстары мен жел бағыты туралы білімдері де арта бастады. Жинақталған білім мен бақылаудың нәтижесінде Атлант мұхитының солтүстік бөлігіндегі желдердің қозғалу бағыттарын түсінуге мүмкіндік туды. Енді теңізшілер бұл маңызды білімді оңтүстік-батыс бағытқа қарай жүзу үшін ғана емес, Еуропаға қайту үшін де пайдаланды.

Еуропалықтар жол бағытын анықтау үшін қажетті білімді Страбон, Птоломей сияқты антикалық деректерден де алды. XV ғасырдағы ғалымдар әлемнің дөңгелек екендігіне көз жеткізді. Италияндық ренессанс антикалық авторлардың географиялық еңбектерімен танысу үшін латын мен грек тілдерін оқу қажет болды. 1406 жылы Қайта өрлеу кезеңінің даналары Птоломейдің географиясын латын тіліне аударып, Жер шарының дөңгелек екендігіне дауласты. 1410 жылы Пьер Д'Айли (d'Ailly), католиктік кардинал, Имаго Мундиды жариялады. Бұл трактаттар мен мұсылман жазбалары да пайдаланған еуропалық монархтар Азияға Батыс арқылы жетуіге болады деп жазылды. 1474 жылы Паоло Тосканелли, флорентиялық бизнесмен мен географ, Португалияның билеушісіне Еуропа мен Қытай Атлантиканың әр тарабында бір-бірінен бес мың милльдік қашықтықта жатыр деп жазды. Бұл XV ғасырдағы гипотезалар дұрыс болмады, бірақ Христофор Колумб сияқты саяхатшылардың экспедициясына себеп болды.

Жердің домалақ екендігі туралы мәлімет осы уақытта жалпыға белгілі факт болды. Жердің диаметрі, сәйкесінше қашықтықтар қатты азайтып көрсетілді. Бұл еуропалық билеушілердің кейінгі ұзаққа созылатын саяхаттарды қаржыландыру туралы идеяны қолдауына әкелді.

Еуропалықтар мен Батыс африкалықтар: ежелгі қақтығыстар

Португалияның теңізшілері XV ғасырдың екінші жартысында Африка жағалауларын – Сенегал өзенінің оңтүстігін зерттей бастады. Мұнда олар Сахараның шөлді ендігінде кездестірген халықтардан әлдеқайда тығыз орналасқан халықтармен қарым-қатынас жасады. Енді Еуропа теңізшілері Батыс Африканы Жерорта теңізі дүниесімен байланыстыратын жаңа теңіз маршрутын ашты. Бұл маршрут транссахара түйе жолдарына қарағанда, коммерциялық потенциалы анағұрлым жоғары болды. Себебі тауарды, адамдарды жылдам әрі арзанға жеткізіп, үлкен көлемдегі жүк тасымалдай алатын еді.

Африканың аграрлы қоғамдары сататын алтын және басқа да өнімдерден Португалиялық теңіз кәсіпкерлері пайда табуға талпынды. Сонымен қатар, олар Канар аралдарындағы еуропалықтар сияқты, бейбіт айырбаспен қатар, зорлық-зомбылыққа негізделген тонау және территорияны басып алуды қатар жүргізе алатынына сенімді болды. Кейін олар осы тактиканы ұзақ қолдана алмайтынына көзі жетті. Африкалықтар саудаға барынша мүдделі болғанына қарамастан, Солтүстік Африкадағы марокколықтар сияқты, құрлықтан жасалатын шабуылдарға тойтарыс беруге мүмкіндіктері болды.



Португалиялық экспедициялар Африкаға жыл өткен сайын қатынап, алдымен Шығысқа Гвинея шығанағы арқылы, одан ары қарай Мейірімді Үміт мүйісіне жететін. Саудадан мол табысқа кенелеміз деп ойлаған бұл келіп-кетушілер, Африкалық билеушілер мен саудагерлер олардың қызметін қадағалайтынына көздері жетті.

Ғасыр соңына дейін португалиялықтар екі мемлекетпен – Атлантикадағы халқы ең көп Бенин және Конгомен қарым-қатынас орнатты.

Теңіз жолымен Азиядан дәмдеуіштерді әкелуде португалдықтар алдына жан салмады. Олар асықпай Африка жағалауын бойлай жылжып, жергілікті африкалық халықтар және мемлекеттермен байланыс орнатып, жол бойы теңіз базаларын құрды. Бұл базалар сауда жүргізу, азық-түлік қоймалары, демалыс пен жөндеу тұрақтарының қызметін де атқарды. Португалдықтар жаулап алудан гөрі көбінше құлдар мен піл сүйегі саудасына негізделген өзара тиімді қарым-қатынас орнатты. Мысалы, Конгода христиандық дін ерте таралып, 1506 жылы бұл мемлекетте Мвембе Нзинга атты христиандық ханзаданың патшалық құруына әкелді. Ол тарихта Афонс I деген атпен белгілі болды.

Христиан дінінің таралуы португалдықтардың осы аймақта құлдар саудасын жүргізуін тоқтата алмады. Олар құл саудасы үшін жергілікті христиандық билеушілермен түсінбеушілік пен қақтығыстарға да келіп отырды. Мәселенің шешімі XV ғасырдың соңында жасалды. 1479 жылғы Кастилия және Арагонмен жасалынған Алькасоваш келісімі Португалияның Қытай мен Үндістанға шығатын шығыс теңіз жолдарын іздеу құқығына монополияны нығайтты. Нәтижесінде шамамен 10 жылдан кейін теңіз дауылымен оңтүстікке қарай апарып тасталған Бартоломеу Диаш тарихи маңызды орын – Әулие Елена мүйісіне жетті. Оның алдында Үнді мұхиты ашылды, бірақ теңізшілердің наразылығына байланысты ол жолда кері қайтуға мәжбүр болды. Оның саяхатының жемісін Васко де Гама, Афонс Албукерки көрді. Олардың арқасында Португалия қысқа уақытқа болса да, үндімұхиттық теңіз империясына айналды.

Осы уақытта Португалиямен соғыста сәтсіздіке ұшыраған Испания өз назарын Батысқа салды. Генуялық Христофер Колумб португалдық монархты Азияға шығатын батыс жолын іздеу қажет екендігін сендіре алмаған соң, осы жоспарды жүзеге асыру үшін қолдауды Изабелла мен Фердинандтың патшылығы ауласынан тапты. Үш орташа кеме адам баласы естімеген саяхтақа шықты. Колумб 1492 жылы қазан айында Кадистен шығып, желтоқсанда Багам аралдарына, кейіннен Гаити аралдары мен Кубаға жетеді. Бірақ бұл ашылған аймақтардың ешқайсысы Марко Поло сипаттаған Азияға ұқсамады. Колумб өз мақсатына жете алатынына сенімді болды. Ол Испанияға оралып, көргенін баяндады және ашық аралдардан әкелген жергілікті тұрғындарын көрсетті. 1493 жылы Колумб кезекті сапарға шығады. Бірақ бұл жолы ол бортында 1200 адамы бар 17 кемелік үлкен армадамен шықты.

Уақыт өте келе еуропалықтар Қытайға жақын орналасқан аралдарды емес, екі аса ірі құрлықтық массаларды, экзотикалық тұрғындары және басқа өмір сүру формасы бар Батыс жартышарды, Жаңа дүниені ашқандарын аңғарды. XVI ғасырдың басында таинолар мен ибериялықтар Колумб саяхаттарының тарихи маңызынан бейхабар еді. Испания мен Португалия шалғай иеліктер үшін бәсекелестікте Колумб жаңалығының географиялық маңызын аша түсті. 1494 жылы Рим Папасы VI Александр Тордесил келісімін жасауда делдал болды, аталған екі монархия арасындағы келісім бойынша Португалияның иеліктері Атлантикада бойлық сызығы бойымен Кабо Верде аралдары ортасынан өтсе, Колумб ашқан аралдар Испанияға тиесілі болды.

Еуропа мен Американың қарым-қатынастарындағы қайғылы кезең басталды. Еуропалықтардың Америка жергілікті халқымен қарым-қатынасы әуел бастан-ақ африкалықтармен байланысқа қарағанда мүлде басқаша болды. Еуропалықтарға сауда аздық етті, алғашқы екі онжылдықта олар өздері ойлаған пайдаға қол жеткізбеді. Оның орнына еуропалықтар ең алдымен испан тағының қызметшілері отарлық империяларды құруға кірісті. Еуропалықтардың аумақтарды бақылау күресінде көмекке жергілікті халыққа бейтаныс темір, атыс қарулары, кавалерия және аурулар келді. Жергілікті халықтың көп бөлігі Ескі әлемнен келген оба, туберкулез т.б. да жұқпалы аурудан өліп жатты. Еуропалықтар да өз еліне сифилис бактериясын әкелді. Демографиялық адам шығыны тұрғысынан осы уақыттағы жағдайды салыстыру да қиын. Мысалы, алғашқы еуропалықтармен болған 60 жылда Кариб бассейнінің байырғы тұрғындары – Тайно үндістері шамамен толық қырылып қалды.



Еуропадан келген аурулардан шыққан демографиялық апат испандықтардың алдында жұмысшы күшінің жетіспеушілігі мәселесін тудырды. Жаңа отарларда халықтың көп бөлігін басқару үшін энкомьенда – жер бөліктерін конкисдаторлар мен Испаниядан келген басқа да қоныстанушыларға бөліп берумен байланысты жүйе енгізілді. Жергілікті халық азая бастаған соң, еуропалық әкімшілік жаңа шешімдерді іздеуге тырысты. Ақыр соңында испандық үкімет үнділіктерді христиан дінінің «қайырымдылығын» қабылдауға дайын деп жариялап, оларды құлдық бағыныштылықтан босатты. Олардың орнын еуропалықтармен иммунитеті ұқсас Африкадан келген құлдар алмастыра бастады. Осылайша аймақтың демографиясы танымастай өзгерді.

Испандық конкисдаторлар өзінің отарлық жаулап алушылық әрекеттерінде Ацтектер мен Инктер сияқты дамыған мемлекеттік құрылыммен де бетпе-бет келді. Ақ адамдардың келгені туралы 1519 жылы ацтектерге белгілі болды. Ақ адамдардың басшысы Эрнан Кортес жергілікті наным-сенім және ацтек билігіне қатысты наразылықты пайдаланып, ацтектердің билеушісі Монтесума II-нің тағын тез басып алады және Мексиканың орталық аймақтарына бақылауды орнатады. Теночтитланнан көтеріліс ұйымдастырған халықпен қуылған Кортес қаланы қоршап алып, оны талқандайды. Конкисдаторлар, кейіннен испан тағының бұл аймақты басқару кез келген көрсетілген қарсылықты аяусыз басып жаншумен сипатталды. Атыс қарулары мен аурулар Мезоамериканың халқының 25 миллионнан 1623 жылы 0.7 миллионға азаюына әкелді.

Инк мемлекеті XVI ғасырдың 30-жылдарындағы испандық экспансияның құрбаны болып құлады. Оны жаулап алу сценарийі Кортестің Мексикан жаулап алуына ұқсас. Тек Патагония ғана арауқанами халқымен XIX ғасырға дейін испандық билікке бағынбады.

Еуропалықтардың XV–XVI ғасырлардағы теңіз саяхаттарының картасы

Бірнеше онжылдық ішінде Еуропа теңізшілері Атлантиканы, Тынық мұхитын, Оңтүстік Үнді Мұхитын халықаралық қарым-қатынас каналына айналдырды.

Африка мен Америка тарихы бір-бірінен қалай ерекшеленеді? Оны түсіндіру қиын емес. Еуропалықтар мен Африкалықтардың атыс қарулары болды; ал Америкалықтарда ондай қару мүлдем жоқ еді. Тропиктік Африка мемлекеттері атыс қаруларын Португалиялықтармен алғашқы коммерциялық қарым-қатынас орната бастағаннан-ақ сатып ала бастады. Еуропалық және африкалық корольдіктер соғыста атты әскерді қолданды; ал америкалықтарда жылқы болған жоқ. Африкаға аттанған еуропалықтар қысқа уақытта безгек, сары безгек және басқа да тропиктік індеттерге қарсы иммунитеттерінің болмауынан көз жұмды; ал Америкаға Афроеуразиядан әкелінген патогендер әсерінен жергілікті халық саны күрт азайды.

Конкисдаторлардың жақын уақытта ғана иемденген аумақтардағы басқаруы Испанияның өзінің тікелей басқаруымен алмасты. Жаңа Испания мен Перу сияқты вице-корольдіктер құрылып, оны басқаруға Толедодан (кейіннен Мадридтен) вице-корольдер тағайындалды. Сонымен қатар Метрополиямен сауда және отарлардағы салық салымын реттейтін агенттік – Каса-де-Контратасьон ұйымдастырылды. Отарларды басқаруда маңызды рөлді католиктік шіркеу ойнап, ол жергілікті халықты христиандандыруға қызмет етті.

Португалдықтар да отарсыз қалмады. Педру Алвариш Кабрал Васко да Гаманың жолын жалғастырып, батысқа қарай біраз шегініп, нәтижесінде Бразилия жағасына жетеді. Бұл «кездейсоқ» географиялық ашу орманға бай осы үлкен аумақтың отарлануының басталуына негіз болды.

Дегенмен XVI ғасырда Бразилия португалдықтарды Үнді мұхитына қарағанда қатты қызықтырмады. Мин империясының флотының құлдырауы саяси вакуум тудырып, бұл жағдайды Васка да Гама мен Афонс Албукерки сияқты саудагерлер, жартылай қарақшылар жылдам пайдаланды. Афонс португалдық сауда империясын құрып, Африканың шығыс жағалауындағы, Парсы шығанағындағы (Ормуз, Бахрейн), Араб жартытүбегіндегі (Гоа, Калькутта, Бомбей, Коломбо), Молукка аралдары мен оңтүстік Қытай теңізі аумағындағы бірқатар порттарды бағындырды. Португалдықтардың мақсаты – саудадағы монополияны орнату және осы арқылы Таяу Шығыс, Африка, субқұрлық пен Қытаймен арасындағы негізгі байланыстырушыға айналу. Кейіннен португалдықтар басқа да еуропалық мемлекеттер мен



алып Осман империясының елеулі бәсекелестігімен бетпе-бет келеді. Осман империясымен португалдықтардың күресі XVI ғасырдың өн бойында жалғасты және нәтижесіз аяқталды. Демографиялық пен экономикалық ресурстарсыз Португалияның Үнді мұхитындағы саудадағы монополиясы орындалмас арманға айналды.

1519 жылы испандық қызметтегі Фернан Магеллан өзінің жер шарын айналуды саяхатын бастайды. Олар да және кейінгі теңізшілер де өз үйіне оралмады. Бірақ капитан Эль Кано бастаған экипаждың қалған бөлігі бастапқы жоспарды жүзеге асырады. Испандық теңізшілер Тынық мұхитымен байланысып, осы арқылы аймақтағы жаңа сауда мен отарлық мүмкіндіктерді зерттеудің берік негізін қалады.

Сұрақтар

1. Сіздердің ойыңызша еуропалықтар неліктен атлантикалық әлемге шығатын жолды іздестіре бастады?
2. Еуропалықтар кеме жасау саласында Азиядан қалыспау үшін қандай шаралар қабылдады?
3. Христофор Колумбтың экспедициялары қашан және нәтижелері қандай болды?
4. Еуропалықтар демографиялық мәселені қалай шешті?

Әдебиеттер

1. Pedro Cieza de Leon, *The Second Part of the Chronicle of Peru*, trans. ed. Clements R. Markham (London: Hakluyt Society, 1883), 57.
2. Quoted in Basil Davidson, *The African Past: Chronicles from Antiquity to Modern Times* (New York: Grosset & Dunlap, 1964), 192.
3. Michele de Cuneo, quoted in Noble David Cook, *Born to Die: Disease and New World Conquest, 1492–1630* (New York: Cambridge University Press, 1998), 28.
4. Luis de Figueroa and Alonso de Santo Domingo, quoted in Cook, *Born to Die*, 61.
5. Cook, *Born to Die*, 61.
6. *The Broken Spears: The Aztec Account of the Conquest of Mexico*, edited and with an introduction and new postscript by Miguel Leyn-Portilla, expanded and updated edition (Boston: Beacon Press, 1992), 30.
7. Quoted in Robert McCaa, «Spanish and Nahuatl Views on Smallpox and Demographic Catastrophe in Mexico», *Journal of Interdisciplinary History* 25 (1995): 428–430.
8. Bernal Diaz del Castillo, *The True History of the Conquest of New Spain*, trans. Alfred Percival Maudslay (London: Hakluyt Society, 1908), 244.
9. *Reports on the Discovery of Peru*, trans. and ed. Clements R. Markham (New York: Burt Franklin, 1872), 56.
10. Quoted in Sanjay Subrahmanyam, «The Connected Histories of the Iberian Overseas Empires, 1500–1640», *American Historical Review* 112, no. 5 (Dec. 2007): 1368.
11. Quoted in Glenn J. Ames, *Vasco da Gama: Renaissance Crusader* (New York: Pearson Longman, 2005), 74.
12. Hans Mayr, *The Voyage and Acts of Dom Francisco*, quoted in G. S. P. Freeman-Grenville, *The East African Coast: Selected Documents* (London: Rex Collings, 1974), 111–112.